



«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасының
Жалпы жиналысының
2024 жылғы 29 ақпандағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫНЫҢ КӘСІБИ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – «Палата») мүшесі болып табылатын заң консультанттары кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген жағдайда осы Заң консультанттарының кәсіби мінез-құлық қағидаларын (бұдан әрі – «Қағидалар») сақтауға тиіс. Қағидаларды сақтау қажеттілігі Палатаға мүше болып кіру фактісінен туындайды.
2. Заң консультанты кез келген жағдайда заң мамандығына тән абыройы пен қадір-қасиетін сақтауға және өзінің қызметінде заң консультанты ретінде оған немесе жалпы заң мамандығына деген сенімге нұқсан келтіруі мүмкін болатын қандай да бір әрекетке жол бермеуге тиіс.
3. Заң консультантының клиенттері клиенттің кез келген құпия ақпаратының құпиялығын консультанттың сақтайтынына сенімді болмаса, оған деген сенімнің болуы мүмкін емес. Заң консультанты үшін құпия ақпарат болып оның клиенттеріне қатысты, көпшілік адамдарға белгісіз және консультантқа оның клиенттерге заң көмегін көрсету жөніндегі қызметіне байланысты белгілі болатын кез келген ақпарат есептеледі. Құпия ақпаратты ашуға болатын жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және реттелмеген бөлігінде заң консультанты мен оның клиентінің арасында жазбаша нысанда келісіледі. Тіпті заң консультанты мен оның клиентінің арасында құпиялық туралы шарт жасалмағанда да, заңда тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, заң консультанты барлық жағдайда құпия ақпаратты ашпайды деп ұйғарылады.
4. Кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде заң консультанты:
 - клиент алдындағы өзінің міндеттерін адал, парасатты, сапалы түрде және білікті жолмен, кәсіби және іскерлік әдепті сақтай отырып орындайды;
 - клиенттің құқығы мен заңды мүддесін заңнама бойынша тыйым салынбаған барлық тәсілдермен белсенді түрде қорғайды, осы орайда Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның Жарғысын, Кәсіби әдеп кодексін, осы Қағидаларды және Палатаның басқа да ішкі құжаттарын басшылыққа алады;
 - өзіне заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың, сондай-ақ өзінің кәсіби әріптестері мен үшінші тұлғалардың құқықтарын сақтайды және ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтейді.
5. Кәсіби тәуелсіздік заң консультантына деген сенімнің қажетті шарты болып табылады. Заң консультанты бас пайдасын басшылыққа алып немесе сыртқы қысымның әсерімен заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғаның заңды мүддесіне қарама-қайшы әрекет жасауға құқылы емес. Заң консультантының жеке немесе басқа да қандай да бір қарым-қатынас үшін клиенттің мүддесінен безуге құқығы жоқ.
6. Заң консультанты заңға қатаң сәйкестікте әрекет етуге міндетті. Заң консультантының мемлекеттік органдармен, соттардың немесе төреліктердің қызметкерлерімен жеке байланысы бар деген уәдемен, азаматтық істердің сәтті шешілуіне сендіріп, уәде етіп немесе көпілдік беріп клиенттерді тартуға және клиентте оның өз міндеттерін адал орындаудан басқа жолдармен жұмысының нәтижесіне әсер ете алатыны туралы түсінік қалыптастыруға құқығы жоқ.
7. Егер тапсырманы орындау бұрын қабылданған басқа тапсырманы орындауына кедергі келтіретін болса, заң консультанты оны қабылдамауы керек.
8. Заң консультантының кәсібінде заң мен өнегелік заң көмегін сұрап өтініш жасаған клиенттің еркінен басым болады. Заң консультанты клиенттің заңнаманы

сақтамауға немесе Палатаның ішкі құжаттарын бұзуға бағытталған ешқандай тілегін, өтінішін немесе нұсқауын орындамауға тиіс.

9. Егер заң қызметін көрсету туралы шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, мұндай шарт тоқтатылған жағдайда заң консультанты клиентке іс бойынша одан алынған барлық құжаттардың түпнұсқасын және, егер қолданылса, сенімхатты заң консультанты мен клиенттің арасында жазбаша түрде келісілген тәртіппен және мерзімде қайтаруға тиіс.
10. Заң консультанты басқа заң консультанттарымен және адвокаттармен қарым-қатынасын өзара сыйластық пен олардың кәсіби құқықтарын құрметтеудің негізінде құрады. Заң консультанты кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде дайындаған құжаттарда немесе көпшілік алдында сөз сөйлегенде басқа заң консультантының, адвокаттың, судьяның немесе төрешінің ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін сөздерді қолданбайды.
11. Заң консультанты сот немесе төрелік процеске қатысқанда, сондай-ақ өзге де кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде процеске басқа қатысушылардың ар-намысы мен қадір-қасиетін кемітетін мәлімдемеге жол бермейді, іскерлік және кәсіби әдепті, қарым-қатынас жасаудың іскерлік мәнерін сақтай отырып әрекет етеді.
12. Заң консультантының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнаманың, Палатаның Жарғысы мен ішкі құжаттарының, осы Қағидалардың талаптарын қасақана немесе өрескел абайсыздық танытып бұзуы Палатаның Жарғысы мен Палата бекіткен Тәртіптік ықпал ету шаралары туралы ережеде көзделген тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.